



Ақсу өңірі

Газет 1934 жылғы 1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

● №11 (10 317) ● 20 наурыз ● жұма ● 2026 жыл ● aksuoniri@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ КОНСТИТУЦИЯНЫ ҚАБЫЛДАУҒА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИЫНҒА ҚАТЫСТЫ



Ақордада өткен іс-шараға Премьер - министр Олжас Бектенов, Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев, Парламент Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошанов, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебай, Үкімет мүшелері, орталық мемлекеттік органдардың жетекшілері, облыс, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері, сондай-ақ, Конституциялық комиссия мен Жалпұылттық коалиция мүшелері қатысты.

Құрмет қарауылы Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын салтанатты түрде ортаға алып шыққан соң еліміздің Өнұраны орындалды. Орталық референдум комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров жаңа Конституция жобасы бойынша республикалық референдумның қорытындысын жариялады. Содан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Конституциясына және «2026 жылғы 15 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды. Салтанатты рәсімнен кейін Президент сөз сөйледі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жиында сөйлеген сөзімен мына сілтеме арқылы таныса аласыздар.

ПРЕЗИДЕНТ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕ ЖҰМЫС КЕҢЕСІН ӨТКІЗДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен биыл 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын іске асыру мәселесі жөнінде жұмыс кеңесі өтті. Кеңеске Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев, Парламент Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошанов, Премьер-министр Олжас Бектенов, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебай, Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаев және Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев қатысты. Президент бүгін «2026 жылғы 15 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойғанын атап өтті. Мемлекет басшысы алда заңдар мен



өзге де нормативтік-құқықтық актілердің ережелерін жаңа Конституцияға сәйкестендіру бойынша ауқымды жұмыс тұрғанын айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, жаңа Конституцияға сәйкес билік институттарының қызметін айқындайтын заңдарды түзеу қажеттілігіне назар аударды. Жалпы, алты конституциялық заң және өзге де нормативтік актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде үш заң қабылдау қажет. Конституция күшіне енетін күнді ескере отырып, тиісті заңдарды Парламент сессиясы аяқталғанға дейін қабылдау керек. Мемлекет басшысы заңдарды сапалы әрі уақтылы әзірлеп, қабылдауды тапсырды. Сондай-ақ Үкімет заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілерді кешіктірмей түзеуге тиіс.

ОЛЖАС БЕКТЕНОВ "БӘЙТЕРЕК" ХОЛДИНГІНІҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ: 2025 ЖЫЛЫ ЭКОНОМИКАНЫ ҚОЛДАУ КӨЛЕМІ ЕКІ ЕСЕГЕ ӨСТІ

Премьер - министр Олжас Бектенов «Бәйтерек» Ұлттық инвестициялық холдингі АҚ директорлар кеңесінің отырысын өткізді, оның барысында 2025 жылғы инвестициялық саясатты орындау қорытындылары, сондай-ақ, экономиканың басым бағыттарын одан әрі қаржыландыру мәселелері қаралды. Отырысты ашқан Премьер - министр Директорлар кеңесінің мүшелерін және шақырылғандарды Қазақстанның жаңа Конституциясының қабылдануымен құттықтап, оқиғаның тарихи маңыздылығын атап өтті. «Қазақстан өзінің саяси, әлеуметтік - экономикалық және қоғамдық дамуының жаңа кезеңіне аяқ басты. Біздің барлығымызды еліміздің Ата заңында орныққан қағидаттарды, нормалар мен постулаттарды жүзеге асыру бойынша үлкен жұмыстар күтіп тұр», — деп атап өтті Олжас Бектенов. «Бәйтерек» ҰИХ басқарма төрағасы Рустам Қарағойшиннің мәліметінше, 2025 жылы еншілес ұйымдар арқылы экономиканың шикізаттық емес салаларын қаржыландыру көлемі 8 трлн. теңгені құрады, бұл алдыңғы жылғы деңгейден 96%-ға жоғары. 7,1 трлн. теңге сомасындағы қолдау шамамен 75 мыңға компания мен ұйымдарға көрсетілді. Холдингінің көмегіне ие болған кәсіпорындардың экспорт көлемі



1,9 трлн. теңгеге жетті, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен екі есе көп. Жиында агроөнеркәсіп кешенін қолдауға баса назар аударылды. 2025 жылы АӨК-ті қаржыландыру 1,4 трлн. теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 31%-ға артты. Холдингінің көмегімен 11,5 мыңнан астам ауылшаруашылығы техникасы сатып алынды. Холдинг қызметінің нәтижесінде 10 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылды. Мемлекет басшысының Ақмола облысындағы егін жинау науқаны мәселелері жөніндегі жиында берген тапсырмасын орындау шеңберінде 2026 жылғы егін науқанын ерте қаржыландыру бойынша жұмыс жалғасуда. Директорлар кеңесі «Аграрлық

несие корпорациясы» арқылы көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын қаржыландыру үшін 300 млрд. теңгеге дейін облигациялар шығаруды мақұлдады. Сондай-ақ, отандық өндірістегі ауылшаруашылығы техникасының лизингін 150 млрд. теңгеге дейін қаржыландыру ҚазАгроҚаржы арқылы және әлеуметтік осал топтар мен кезекте тұрған азаматтар үшін 100 млрд. теңгеге дейін ипотекалық несиелеуді Отбасы банк арқылы жүзеге асыру мақұлданды. 2026 жылы «Бәйтерек» холдингі экономика салаларын қолдауға 8 трлн. теңгеге дейін бағыттауды жоспарлап отыр. Басым бағыттардың қатарында өнеркәсіп пен инфрақұрылымды қаржыландыру, агроиндустрия қолдау, экспортты дамыту және халықты қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету бар. Премьер-министр Олжас Бектенов экономиканың нақты секторын қолдауды одан әрі күшейтудің, шикізаттық емес салаларды дамытудың және Холдинг құралдарының тиімділігін қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті. Жиын қорытындысы бойынша 2025 жылғы IV тоқсанға арналған тәуекелдер бойынша консолидациялық есеп, корпоративтік басқаруды жетілдіру іс-шаралары жоспарын орындау нәтижелері және 2025 жылға арналған Директорлар кеңесінің қызметін бағалау нәтижелері де мақұлданды.

РЕФЕРЕНДУМ – 2026

НАУРЫЗНАМА – 2026:

ЖЕТИСУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ КӨМЕГІМЕН ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯҒА АРНАЛҒАН МУРАЛ САЛЫНДЫ

ШАҢЫРАҚ КҮНІНДЕ ҚЫРЫҚТАН АСТАМ ЖЕТИСУЛЫҚ ҮЙЛІ БОЛДЫ



осы игіліктің бастауы, - деді «Jetisu Jastary» КММ-нің директоры Шамиль Ванкеев.

Мурал авторы Ернұр Бақбергеннің айтуынша, бұл жұмыс қоғамдағы маңызды құндылықтарды заманауи өнер тілі арқылы жеткізуге бағытталған.

- Мұндай шығармашылықпен 6 жылдан бері кәсіби түрде айналысып келеміз. Осы уақыт аралығында «Заң мен Тәртіп», «Таза Қазақстан» сияқты идеологиялық және қоғамдық маңызы бар тақырыптарда бірқатар муралдар салдым. Ал осы жобамның ерекшелігі – муралдың эскизі жасанды интеллект көмегімен әзірленді. Бұл тәсіл шығармашылық пен технологияны ұштастыра отырып, заманауи өнердің жаңа бағыттарын көрсетуге, сонымен қатар қысқа мерзім ішінде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мысалы, біздің шығармашылық топ муралды 3 күннің ішінде толық салып бітті, - деді жас суретші.

Еске салсақ, бұған дейін өңір жастарының бастамасымен облыстың аудан орталықтарында «Таза Қазақстан», «Адал Азамат», «Заң мен Тәртіп» қағидаларына арналған үш мурал Көксу, Қаратал, Сарқан аудандарының орталықтарында салынған болатын.

Фотограф:
Дмитрий ЕРОФЕЕВ.



Бүгін Наурызнама онкүндігіне орай Шаңырақ күні аясында Талдықорғанда 40 – тан астам тұрғын үйлі болды. Оларға жаңа пәтер кілттерін облыс әкімі Бейбіт Исабаев табыстады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Өңір басшысы кілт тапсыру салтанатында сөйлеген сөзінде халықтың тұрмыс сапасын жақсарту басты міндеттердің бірі екенін атап өтті:

- Президенттің бастамасымен қабылданған жаңа Конституцияның негізгі ұстанымы да сол - адамға бағытталған мемлекет құру, қарапайым азаматтардың әл-ауқатын арттыру. Бұл орайда біз халықты баспа-намен қамтамасыз ету мақсатында облыс құрылғаннан бері тұрғын үй құрылысын қарқынды жүргізіп келеміз. Жалпы, Талдықорған қаласында өткен жылы 630-дан астам адам үйлі болса, жыл басынан бері 135 тұрғын жаңа қонысқа ие болды. Ал, жыл соңына дейін қалада 1400-ге жуық баспана салынады деп жоспарланып отыр. Жаңа қоныстарыңыз ырыс пен берекеге толып, осы үйде өсіп-өне беріңіздер! - деді Б. Исабаев.

Атап өтсек, жаңа қоныс жетім балалар, толық емес, көп балалы отбасылар, ерекше қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар, I және II топтағы

мүгедек жандар және басқа да әлеуметтік осал топ санатына жататын азаматтарға берілді. - Мен көп жыл кезекте тұрдым, бүгін үш бөлмелі пәтердің кілтін алдым. Енді Наурызды өз үйімізде қарсы алатын болдық. Бұл – біз үшін үлкен қуаныш. Осы іске атсалысқан барша жанға алғысымды білдіремін, қоныс иелерінің бәрін шын жүректен құттықтаймын, молшылық, бақыт тілеймін, - деді ол.

Тағы бір қоныс иесі Артем Попов та ой қосты:

- Мен балалар үйінде тәрбиелендім. «Жетім балалар» санаты бойынша пәтер алдым. Тұрғын үй кезегінде 15 жыл тұрдым. Бізді осы қуанышқа жеткізген барлық азаматтарға алғыс айтамын. Баршаңызды Наурыз мерекесімен құттықтаймын, - деді ол.

Гүлдерайым Оспанова да ұлы Мадияр Мұратханның пәтерлі болғанына қуанышты:

- Ұлым 10 жыл кезекте тұрды. Сабыр сақтап, күттік, әр нәрсенің өз уақыты бар. Басқа да кезекте тұрғандар бір күні біз сияқты көптен күткен баспаналарын алады деп ойлаймын. Ұлым бочча спортынан Қазақстан чемпионы, жүзүмен айналысады. Енді оның өз пәтері бар. Бұл – барлығымыз үшін Наурыз мерекесіне үлкен сый болды, - деді ол.

НАУРЫЗ

ЖЕТИСУДАҒЫ "DIGITAL NAURYZ": ЖҮІ КӨМЕГІМЕН ТҰРҒЫНДАР ӨЗДЕРІН ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫНЫҢ БЕЙНЕСІНДЕ КӨРЕ АЛДЫ



адамдардың жеке өміріне қаншалықты терең енгенін анықтауға тырысты. Ең үздік әрі қызықты жауаптар экранға шығарылып, қатысушылармен бірге талқыланды.

Іс-шараның ашық кеңістік форматында өтуі қала тұрғындарына әртүрлі цифрлық алаңдармен еркін танысуға мүмкіндік берді.

- Бүгінгі күні жасанды интеллект күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Қазіргі таңда болашақ технологиялары өмірімізге толық енді деуге болады. Іс-шарамыздың аясында әрбір ниет білдіруші цифрлық инновациялармен жақынырақ танысып, жасанды интеллект мүмкіндіктерін іс жүзінде сынап көрді. Біз заманауи технологиялардың күнделікті өмір мен мәдени дәстүрлермен үйлесімді ұштасатынын көрсетуді мақсат еттік, - деді Жетісу облысының цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Айдын Темірбаев.

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фотограф:
Қанат ӨМІРӘЛИНОВ

«Digital Nauryz» аясында Жетісу облысында AI Nauryz атты ашық қалалық алаң ұйымдастырылды. Бұл алаңда облыс орталығының тұрғындары мен қала қонақтары жасанды интеллект мүмкіндіктерімен танысып, заманауи цифрлық құралдарды интерактивті форматта пайдаланып көрді. Іс-шараның басты ерекшелігі – әр келушіге ұлттық стильде жеке портретін жасау мүмкіндігі жасалды: ер азаматтар өздерін айбынды қазақ батырларының бейнесінде елестетсе, әйелдер жасанды интеллект арқылы жасалған көркем ұлттық киімдерді «киіп» көрді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

мандары кескін (сурет) генерациялау құпияларымен бөлісті. Қатысушылар арнайы мәтіндік сұраныстар — промпттарды құрастыруды үйреніп, сол арқылы нейрожелі бірегей бейнелер жасайтынын тәжірибе жүзінде көрді. Сның ішінде ұлттық стильде жеке портрет жасау көпшіліктің ерекше қызығушылығын тудырды.

Екінші алаң тікелей қарым-қатынас пен әлеуметтік интерактивке арналды. Жүргізуші қала тұрғындарын түрлі сауалнамаға тартып, технологиялардың

Ерекше цифрлық іс-шара облыстық цифрлық технологиялар басқармасының ұйымдастыруымен «Jetisu Digital» IT-хабымен бірлесіп, жаяу жүргіншілерге арналған Арбат аймағы аумағында өтті. Мұнда кез келген қалаған адам жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін өз көзімен көріп, нейрожелілердің әр адамға қолжетімді, шығармашылық пен дамуға жол ашатын пайдалы құрал екеніне көз жеткізе алды.

Алғашқы аймаққа шығармашыл жастар мен қызығушылық танытқан қала тұрғындары жиналды. Бұл жерде IT-хаб ма-



ТӨРТ ЖҰП БІР МЕЗГІЛДЕ САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ НЕКЕ ҚИДЫ



Талдықорған қаласында Наурызнама онкүндігінің «Шаңырақ күні» аясында «Отбасы – қоғам тірегі» атты іс-шара өтті. «Jetisu Jastary» КММ ұйымдастырған салтанатты жиында төрт жұп бір мезгілде некелерін қиды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Мерекелік шарадағы ақсақалдардың бата беру рәсімін ерекше атауға болады. Қариялар жас жұбайларға отбасылық өмірдегі сыйластық, төзімділік пен өзара қолдаудың маңыздылығын айтып, ақ тілектерін білдірді. «Отбасы әрқашан біздің қоғамның негізі болып келген және солай болып қала береді. Бір-біріңді қадірлеңдер, сыйлаңдар және әрдайым қолдандар, сонда ғана одақтарың берік болады», - деді ақсақал.

Ұйымдастырушылар жас қалыңдықтар мен күйеу жігіттерді құттықтап, оларға естелік сыйлықтар табыс етті. Салтанат сарайында жас шаңырақ иелеріне жылы лебіздер айтылды.

Жас жұбайлар да мерекелік көңіл күйде әсерін бөлісті. Ақжан Наурызбеков пен Жанель Серік өзара таныстықтарының бір жыл бұрын басталғанын, ал Наурыз мерекесі қарсаңында шаңырақ көтеруді ұйғарғандарын айтты.

- Бүгін – біз үшін өте маңызды күн. Жаңару мен бірлік мерекесінде үлкендердің батасын алғанымызды жақсыға балап отырмыз. Бұл біздің қол ұстасып, бастаған жаңа өмірімізге берік сенім мен ерекше шабыт береді. Отбасы — бұл тек махаббат қана емес, сонымен бірге үлкен жауапкершілік екенін түсінеміз. Қолдауларыңыз бен жылы лебіздеріңізге рахмет, - деді олар.

«Jetisu Jastary» КММ өкілдері мұндай кездесулердің жастар тәрбиесіндегі маңызы зор екенін атап өтті:

- Бүгінгі өткізген іс-шарамыздың басты мақсаты – жастар арасында отбасылық құндылықтарды насихаттау, отбасы институтының маңыздылығын нығайту, жас жұбайларға рухани-мәдени бағдар беру. Біздің міндетіміз — ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан құндылықтарды ұрпақтың есіне салу. Отбасы – бұл мемлекеттің негізі, сондықтан жастар бірлесіп жаңа өмір бастап жатқанда оларға қолдау көрсету қажет, - деді «Jetisu jastary» КММ директоры Шамиль Ванкеев.

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фотограф: **Дмитрий ЕРОФЕЕВ.**

Ұлыстың, Ұлы күні құтты болсын!

Аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлының мерекелік құттықтауы

Аудандық мәслихат төрағасы Сүлейменов Бейбіт Жаңылысұлының мерекелік құттықтауы

Ақсу ауданы – еңбекқор, бірлігі жарасқан, тарихы терең, болашағы жарқын өңір. Бүгінде ауданымыздың дамуына әрқайсыңыздың қосып отырған үлестеріңіз зор. Ел игілігі жолындағы адал еңбектеріңіз бен қажырлы қайраттарыңыз үшін баршаңызға алғысымды білдіремін. Бірлігіміз бекем, тірлігіміз тиянақты болғанда ғана біз кез келген белесті бағындырып, асуларды еңсереміз.

Наурыз – ренішті ұмытып, өкпе-назды кешіретін, адамдарды жақсылыққа үндейтін ерекше күн. Сондықтан осы мерекеде әрбір шаңыраққа құт-береке, молшылық пен амандық тілеймін. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіліп, әр отбасыда татулық пен түсіністік салтанат құрсын.

Жаңа күнмен бірге жаңа үміттер мен жарқын бастамалар келсін! Ақсу өңірінің әрбір тұрғынының еңбегі жемісті, өмірі мәнді, келешегі кемел болсын. Ауданымыз одан әрі гүлденіп, әлеуметтік-экономикалық дамуы қарқынды жалғасып, халқымыздың әл-ауқаты арта берсін!

Ұлыстың ұлы күні әр шаңыраққа шаттық пен қуаныш, денсаулық пен бақыт әкелсін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Наурыз құтты болсын!

Құрметті Ақсу ауданының қадірменді тұрғындары!

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен аудандық мәслихат депутаттарының және өз атымнан шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз – халқымыздың сан ғасырлық салт - дәстүрімен сабақтасқан, жаңару мен жасампаздықтың жарқын нышаны. Бұл – табиғатпен үндесіп, тіршіліктің тамыры тереңге тартатын, адамзат баласын ізгілікке, татулық пен ынтымаққа шақыратын ерекше мейрам. Көктемнің шуақты күндерімен бірге келетін бұл мереке әрбір жанға үміт сыйлап, жүректерге жылулық ұялатады.

Ақсу ауданы – бірлігі бекем, еңбегі еселі, болашағына сеніммен қарайтын жұрттың мекені. Ауданымыздың өсіп - өркендеуі, әлеуметтік - экономикалық дамуы – барша тұрғындардың ортақ еңбегінің нәтижесі. Мәслихат депутаттары халықтың сенімін ақтап, ел игілігі жолында аянбай еңбек ете береді. Сіздердің белсенді азаматтық ұстанымдарыңыз бен қолдауларыңыз – біздің басты тірегіміз.

Бұл мереке – өткенге тағзым етіп, бүгінгі жетістіктерді бағалап, келешекке нық қадам басатын уақыт. Наурыз – кешірім



мен кеңдіктің, мейірім мен ізгіліктің айқын көрінісі. Осы күні әр шаңыраққа құт-береке дарып, татулық пен тыныштық орнасын. Ағайын арасындағы сыйластық артып, үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық көрсетілсін.

Жаңа күн жаңа мүмкіндіктерге жол ашсын! Әрбір отбасыға амандық, денсаулық, молшылық тілеймін. Ауданымыздың дамуы қарқынды жалғасып, халықтың тұрмыс сапасы арта берсін. Бірлігіміз бекем болып, жарқын болашаққа бірге қадам басайық!

Бәріңізді көктемнің жарқын мерекесі Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын. Наурыз күні ойға алған барлық арман - мұраттарыңыз орындалып, үміттеріңіз ақталуға жазсын! Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! Ұлтымыздың мерейін өсіріп, бар болмысымызды айшықтайтын қасиетті – Наурыз мерекесі елімізге, әрбір отбасына бірлік пен қуаныш, құт - береке, бақыт пен молшылық әкелсін! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! Ұлыс күнімен бірге Рамазан айы да қатар келіп отыр. Қос мерекеміз құтты болсын ағайын! Сіздерге деген шын жүректен бақыт пен құт - береке, бейбіт өмір тілектерімізді қабыл алыңыз. Біз әр күніміз өсу мен даму үшін мүмкіндік туғызатын, ырыс - берекеміз нығайған елде өмір сүріп отырмыз. Барлық игілікті істер табыспен аяқталып, жемісті еңбек тек қана қуаныш әкелсін. Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! Әр шаңыраққа шаттық, бақ - береке, ырыс пен ынтымақ тілеймін!



Құрметті Ақсу ауданының қадірлі тұрғындары!

Сіздерді ұлтымыздың ұлық мерекесі – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Ақтың молаятын, Жарықтың ұзаратын, Нұрдың мольғатын, Тіршіліктің жаңаратын, Өмірдің жаңғыратын, Пейілдің түзелетін, Көңілдің кеңітін кезеңі - наурыз мейрамы құтты болсын! Көктің тынысын тыңдап, жердің тамырын басқан, тұрмыс - тіршілігін табиғат анамен тығыз байланыстырған ауылшаруашылығына бейім ақсулықтар Наурызды жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы деп бағалаған. Бүгін Өз Наурыз дүние есігін ашады. Тарих қойнауына тағы бір жылымыз жол тартып, тағы бір жыл табалдырықтан аттайды. Жаңа күн төңірекке нұр - шапағатын төгеді. Жер бетіне жақсылық ұялаған күнді қарсы алайық. Наурыз мерекесі баршаңызға жаңа жетістіктер, молшылық пен татулық әкелсін.

Наурыз – бұл тек көктемнің келуі ғана емес, бұл – табиғаттың жаңаруы, тіршіліктің түлеп, адамзаттың үміті мен сенімінің қайта жаңғыруының белгісі. Бұл күн – береке мен бірліктің, татулық пен мейірімнің мерекесі. Ата - бабаларымыздан мирас болып қалған осы ұлы мейрам әр шаңыраққа шаттық пен қуаныш, ырыс пен ынтымақ әкелсін!



"АУЫЛ АМАНАТЫ" – АУЫЛДЫҢ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРАТЫН МАҢЫЗДЫ БАСТАМА

Құрметті аудан тұрғындары!

Еліміздің әлеуметтік - экономикалық дамуының басты бағыттарының бірі – ауылдық аумақтарды қолдау және олардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету. Осы ретте мемлекет тарапынан іске асырылып жатқан «Ауыл аманаты» бағдарламасының маңызы зор. Бұл бастама – ауыл халқының табысын арттыруға, кәсіпкерлікті дамытуға және жаңа жұмыс орындарын ашуға бағытталған нақты қадам.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы ауыл тұрғындарына жеңілдетілген несиені беру арқылы өз кәсібін бастауға немесе кеңейтуге мүмкіндік береді. Әсіресе, мал шаруашылығы, егіншілік, қызмет көрсету және шағын өндіріс салаларын дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Бұл – ауыл экономикасының әртараптануына жол ашатын тиімді құрал.

Бұл бағдарлама "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 15-тармағы (132-2) тармақшасына сәйкес әзірленді



«АУЫЛ АМАНАТЫ»: АУЫЛДАҒЫ АҒАЙЫННЫҢ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРАТЫН ЖОБА

және ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларда микрорекредит беру және лизинг тәртібін айқындайды. Бағдарламаның басты артықшылығы – оның қолжетімділігінде. Төменпайыздық мөлшерлеме, жеңілдетілген шарттар және мемлекеттік қолдау ауыл тұрғындарының кәсіп бастауына сенімді негіз қалыптастырады. Сонымен қатар, кооперативтер құру арқылы ауыл азаматтары

бірлесіп жұмыс істеп, өнім көлемін арттыруға және нарыққа шығуға мүмкіндік алады.

Біздің ауданымызда да «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында бірқатар жобалар жүзеге асырылуда. Нәтижесінде жаңа жұмыс орындары ашылып, тұрғындардың табысы артып келеді. Бұл – ауылдың әлеуметтік жағдайының жақсаруына және жастардың ауылда тұрақтап

қалуына оң әсерін тигізуде.

Алдағы уақытта да біз бұл бағдарламаны тиімді іске асыруды жалғастырып, әрбір ауыл тұрғынына қолдау көрсетуге күш саламыз. Баршаңызды осы мүмкіндікті тиімді пайдалануға шақырамын. Бірлескен еңбектің нәтижесінде ауылымызды көркейтіп, өңіріміздің дамуына үлес қосамыз деп сенемін.

Қазір біздің ауданымызда ауыл

шаруашылығы өнімін қайта өңдеу – ауылшаруашылығы шикізатын азық - түлік және азық-түлік емес өнімдер алу мақсатында өңдеумен қайта өңдеумен және сақтаумен байланысты қызмет және ауылшаруашылығы техникасы – жекелеген операцияларды немесе процестерді механикаландыру, электрлендіру және автоматтандыру арқылы ауылшаруашылығындағы еңбек өнімділігін арттыруға арналған техникалық құралдардың кең ауқымын пайдалануға болады.

Микрокредит мерзімі – ауылшаруашылығы түрлері емес бизнес үшін 5 (бес) жылға дейін, ауылшаруашылығы және өнімді қайта өңдеу саласындағы жобалар үшін микрокредит мерзімі – 7 (жеті) жылға дейін.

Микрокредиттер мынадай мақсаттарға берілмейді:

- 1) жеңіл автокөлік сатып алу;
- 2) ауылшаруашылығы жануарларын жақын туыстарынан сатып алу;
- 3) тұрғын үй сатып алу және/немесе салу;
- 4) көтерме және бөлшек саудаға.

Бағдарлама ережесімен газетіміз [**Ғазиз ЕСЖАНОВ, аудан әкімінің орынбасары.**](https://www.facebook.com/share/p/18GwjUqKuA/ciltemecisi арқылы толық таныса аласыздар.</p>
</div>
<div data-bbox=)

ӘЗ НАУРЫЗ – ИГІЛІКТЕР БАСТАУЫ!

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ АУДАН ТЫНЫСЫ

НАУРЫЗНАМА 14 наурыз
Көрісу күні – Амал мерекесі

Наурыз



14 наурыз - "Көрісу күні - Амал мерекесі!"
«Наурызнама» онкүндігі «Көрісу күні - Амал мерекесінен» басталады, сөйтіп Наурыз мерекесі 14 - 23 наурыз аралығында он күн бойы кең көлемде тойланады.

Онкүндіктің әр күні халық мәдениетін, қоғамның татулығын паш ететін белгілі бір тақырып пен құндылықтарға арналған.

«Көрісу күні – амал мерекесіне» орай ауылдық округ әкімдері, Мәдениет үйлері мен клубтар, мекеме басшылары бірлесіп чөлентж ұйымдастырып, Сарқан ауданына жолдады.



15 наурыз - Қайырымдылық күні!
15 наурыз Қайырымдылық күні болып белгіленген.

Наурыз мерекесінің мазмұнымен астасып жатқан қайырымдылық қасиеті халқымыздың дәстүрінде ежелден-ақ берік орныққан. Әдетте бұл күні жұртшылық жетім мен жесірге, мұқтаждар мен мүгедек жандарға қайырымдылық көрсетіп, жұтқа ұшырағандарға жұмылып жылу жинап берген. Осы дәстүрге сай Наурызнама онкүндігінің бір күні Қайырымдылыққа бағытталып отыр.

Осыған байланысты ауданымызда "Игі істер марафоны" ұйымдастырылып, "Наурыз базарлық" маусымын жариялап, ірі сауда орындарында, базарлар мен жәрмеңкелерде #NauryzSale, #NauryzDay, #NauryznamaSale акциялары ұйымдастырылуда.



15 наурыз - Мәдениет және ұлттық дәстүр күні
Бұл күн қазақ халқының дәстүрлерін, қолөнерін, өнері мен мәдениетін насихаттап, паш етеді, көрмелер, концерттер, театрландырылған көріністер ұйымдастырылып, халық қолөнері мен дәстүрлі өнерін үйрететін шеберлік сағаттары өткізіледі.

Бұл жастардың елдің мәдени мұрасы, әдет - ғұрып, салт - дәстүрі туралы көбірек білуіне, ал үлкендердің өз тәжірибесі мен білімін өскелең ұрпаққа сіңіруіне ықпал етеді.

Ауданымызда мәдениет үйлері мен клубтарда мерекелік марафон аясында кең тараған дәстүрлердің заманауи форматтағы көрсетілімдері өткізілді. Өнерпаздармен мәдениет саласының басқа да өкілдерімен кездесулер, шеберлік сағаттары, шығармашылық кештері ұйымдастырылып, аудан бойынша мектептерде жасөспірімдер аудиториясына арналған патриоттық кино көрсетіліп, көпшілік орындарда, қоғамдық көліктерде, ірі сауда орталықтарында қазақ күйлері ойнатылды.



Бұл күн туысқандық дәстүрдің, отбасы құндылықтарының маңыздылығын паш етіп, отбасы бірлігін насихаттайды.

Осы орайда ауданымызда отбасы құндылықтарын дәріптеуге арналған ұлттық киім киген жастардың неке қию салтанаты өтіп, 40 - 50 жыл отасқан жұбайлар марапатталды. Сондай - ақ, жаңа туған нәрестелердің ата - аналарына "Наурыз базарлық" сый кәдесі табысталды.



Бұл күні адамдар қазақтың ұлттық киімдерін киіп, халықтың дәстүрлі мұрасына құрмет көрсетіледі. Ұлттық киім әдет - ғұрыптың бір бөлшегі ғана емес, қазақ халқының символы деуге болады.

Осы күні ұлттық киімдерге, олардың шығу тарихы мен ерекшеліктерін тануға арналған көптеген шаралар өткізіледі.

Бұл жастар арасында ұлттық киімді дәріптеуге зор мүмкіндік береді. Ауданымызда барлық еңбек ұжымдарында заманауи стильдегі ұлттық киім кию акциясы ұйымдастырылып, танымал мәдениет қайраткерлерінің, өртістердің, спортшылардың, блогерлардың және т.б. қатысуымен "Ұлттық киім күні" тақырыптық чөлентжін жасап, көршілес аудандарға табыстады. Барлық ауылдық округтерде ұлттық нақышта фотозоналар дайындалды.



Наурызнаманың алтыншы күні - "Жаңару күні". Бұл күні өмірдің барлық саласындағы жаңғыруды паш ететін белгі ретінде көгалдандыру бағытындағы жалпыұлттық акция өткізіледі.

Республика көлемінде табиғаттың, қоғам мен идеялардың жаңаруын айшықтайтын жаппай ағаш егу рәсімі атқарылады. Бұл шара біздің ауданымызда да қолға алынып, бұлақтардың көздері ашылып, аудан орталығында бір күнде 1000 түп ағаш отырғызылды.

Шараға ауылдық округ әкімдері, аудандық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары жолдары бөлімі жауапты болып, мекемелерге тиісті сенбілік жасайтын жерлер бөлініп беріліп, жалпы аудандық тазалық күні, сенбілік ұйымдастырылды. "Ауылына қарап азаматын таны" дегендей ертең мерекеге келетін қонақтар риза боласын деген ниетпен жұмыстар жоғары қарқынмен атқарылып, патриоттық рухта жалғасты.

Сондай - ақ, цифрлық даму бағытындағы AI, IT, VR роботехника саласындағы жобалар таныстырылып, мектеп оқушылары мен студенттердің интеллектуалды еңбегінің көрмесі ұйымдастырылды.



Ұлттық спорт ғасырлар бойы көшпелілер өркениетінің рухын көрсетіп келеді. Бұл жай ғана жарыс емес, бұл – ата - бабаларымыздың өмір жолының, күш - қуаты мен мейірбандығының және даналығының көрінісі.

Наурыз мейрамының бір күнін спортқа арнау – асыл мұрамызды тағы бір мәрте еске алып, іс - шараларға қатысуға мүмкіндік береді.

Ауданымызда ұлттық спорт түрлерінен дәстүрлі жарыстар ұйымдастырылды. Оның ішінде асық ату, тоғызқұмалақ, садақ ату, жамбы ату, теңге ілу, аударыспақ т.б. ойындар өтіп, жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Ұлттық спорт дегенде жақында Есеболатов және Жансүгіров ауылдық округінің ұйымдастыруымен облыстық деңгейде өткен "Құмай тазылар" жарысын да мақтанышпен айтып өткен жөн болар.



21 наурыз - Ынтымақ күні.

Бұл күн өткенді еске түсіруден, ата - бабамыздың қазіргі уақытты қалыптастыруға және сақтауға қосқан үлесінің маңыздылығын түсінуден тұрады.

Ынтымақ күні – ел үшін маңызды тарихи оқиғалар мен ұлттың жетістіктерін еске алу уақыты, сонымен қатар елдегі әртүрлі топтар мен қоғамдық топтарды біріктірудің маңыздылығын білдіреді.

Ынтымақ күніне орай ертең ауданымызда "Наурыз керуені", "Ұлттық тағамдар жәрмеңкесі" өтетінін хабарлаймыз.

Наурызнама тарихы мен халықтық дәстүрлер көрсетілімі ұйымдастырылады.

Қапал ауылында "Тамшыбұлақ" және басқа туризм аймақтарында "Эко акция" мәдени көпшілік іс - шаралары өтеді.

Наурыз


мейрамы құтты болсын!



22 наурыз күні орталық алаңда Жыл басы - өз наурыз мерекелік шаралары ұйымдастырылады. Халықтық мерекелер, театрландырылған көріністер, концерттер, ұлттық спорт түрлері, жәрмеңкелер, ұлттық тағам фестивальдері қолөнер және шығармашылық аймақтар ұйымдастырылады.

Орталық алаңға шатырлар тігіліп, мерекелік дастархандар әзірленеді. Осы арада ескерте кететін жайт. шатырлардың арасында арнайы қоқыс жәшіктері қойылған. Орталық алаңды ластамай қоқыстарыңызды сол жәшіктерге тастауды ескертеміз!

"Ата Заң" ауылында Конституция заңы аясында "Мәдениет пен білім, ғылым мен инновация құндылықтарына" арналған көрме қойылады.



Онкүндіктің соңғы күні әрине "Тазару күні". Бұл күнде "Таза Қазақстан" жобасы аясында "Тазалық эстафетасы" өтеді. "ТазаLIKE" экофестивалі және "7 OZEN" фестивалі ұйымдастырылады.

Жалпы аудан бойынша тазалық күні өтеді.

1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ - АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТІҢ 110 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ

1916 жылғы Жетісудағы ұлт-азаттық көтерілістің тарихи маңызы



ЖЕТІСУДАҒЫ КӨТЕРІЛІСТІҢ БАРЫСЫ

Жетісу өңіріндегі көтеріліс аса қарқынды әрі ұйымдасқан түрде өтті. Қарқара, Нарынқол, Шарын, Лепсі уездерінде халық жаппай қаруланып, патша үкіметінің өкілдеріне қарсы шықты. Көтеріліске қазақтармен бірге қырғыздар да қатысты, бұл оның аймақтық сипат алғанын көрсетеді.

Көтерілісшілердің негізгі мақсаты – отарлық езгіден құтылып, өз жері мен еркіндігін қорғау болды. Олар болыстық басқармаларға шабуыл жасап, құжаттарды жойды, кей жерлерде қарулы

тарихи маңызы аса зор. Біріншіден, бұл көтеріліс қазақ халқының отаршылдыққа қарсы біртұтас күш ретінде біріге алатынын көрсетті. Ұлттың азаттыққа деген ұмтылысы айқын байқалды.

Екіншіден, көтеріліс ұлттық сананың өсуіне ықпал етті. Халық өз құқығы мен еркіндігі үшін күресу қажеттігін түсінді. Бұл кейінгі кезеңдегі Алаш қозғалысы мен тәуелсіздік идеясының қалыптасуына негіз болды.

Үшіншіден, бұл оқиға отарлық саясаттың әділетсіздігін өлемге паш етті. Патша үкіметінің қатыгездігі халық жадында сақталып, тарихи сабақ ретінде ұрпақтан ұрпаққа берілді.

Төртіншіден, көтеріліс қазақ қоғамындағы әлеуметтік қайшылықтарды да ашып көрсетті. Байлар мен кедейлер арасындағы айырмашылық, билік жүйесінің әлсіздігі анық байқалды. Бұл болашақта қоғамды жаңғырту қажеттігін көрсетті.

1916 жылғы Жетісудағы ұлт-азаттық көтеріліс – қазақ халқының еркіндік жолындағы күресінің маңызды кезеңі. Оның тарихи маңызы тек өткенді еске алумен шектелмейді, ол бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның рухани негіздерінің бірі болып табылады.

110 жыл өткен соң да бұл оқиға бізге бірліктің, еркіндіктің және ұлттық намыстың құндылығын еске салады. Жетісу жерінде болған бұл көтеріліс – тарих бетінде қалған ғана емес, халықтың жүрегінде мәңгі сақталатын тағылым.

Гүлдана МЕРЕЕВА, I.Жансүгіров атындағы тарихи - өлкетану музейінің экскурсия жетекшісі.

ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Жетісудағы 1916 жылғы көтерілістің

1916 жыл – қазақ халқының тарихындағы ең ауыр әрі тағдырлы кезеңдердің бірі. Бұл жыл ел жадында отаршылдыққа қарсы жаппай қарсылықтың, азаттыққа деген ұмтылыстың символы ретінде сақталды. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс – тек қана стихиялық бас көтеру емес, ол ұлттық сананың оянуы мен тәуелсіздікке деген жігердің айқын көрінісі болды. Әсіресе Жетісу өңіріндегі көтеріліс өзінің ауқымы, қатыгездікпен басылуы және тарихи салдары арқылы ерекше орын алды.

КӨТЕРІЛІСТІҢ СЕБЕПТЕРІ

Жетісудағы көтерілістің басты себептері тереңде жатты. Біріншіден, патшалық Ресейдің отарлық саясаты қазақ халқының дәстүрлі жерін тартып алып, қоныс аударушыларға беру арқылы халықтың әлеуметтік жағдайын күрт нашарлатты. Жер – қазақ үшін тіршіліктің негізі ғана емес, ұлттық болмыстың өзегі еді. Осыдан айырылу халықтың ашу-ызасын туғызды.

Екіншіден, 1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығы бойынша жергілікті мұсылман халықтарын тыл жұмыстарына алу туралы шешім шықты. Бұл жарлық халыққа ауыр соққы болды. Бұған дейін әскерге алынбаған қазақ жастары енді қара жұмысқа, қорғаныс шептерін қазуға жіберілетін болды. Бұл әділетсіздік халық наразылығын күшейтті.

Үшіншіден, жергілікті билік өкілдерінің озбырлығы мен парақорлығы жағдайды ушықтырды. Болыстар мен старшындар тізім жасауда әділетсіздікке жол беріп, кедейлерді көбірек жазды. Бұл әлеуметтік теңсіздікті тереңдетіп,

ДЕПАРТАМЕНТ ҚЫЗМЕТ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРДІ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті қызметінің басым бағыттарының бірі - көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру және халықтың сапалы қызмет алуын бақылау болып табылады.

2025 жылғы жүргізілген қашықтан бақылау, жоспарлы және жоспардан тыс тексеріс нәтижесінде 645 азаматтың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді. Аталған жұмыс тұрақты түрде бақылауда және жалғасын табуда.

Ағымдағы жылы да жоспардан тыс тексеру нәтижесінде қызметалушылардың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді. Мысалы, Жаркент қаласының тұрғынына жер учаскесіне құқық беру туралы шешімнің уақтылы шығарылмағаны анықталды.

Департамент сұрау салу негізінде жүргізілген тексеріс барысында мемлекеттік қызмет көрсету ережелерінің бірінші кезеңіне сәйкес барлық келісу рәсімдерінен өткенімен, түпкілікті шешімге заңсыз түрде қол қойылмағаны белгілі болды. Анықталған заңбұзушылық қызмет көрсету тәртібінің сақталмауына қатысты болғандықтан, қолданыстағы заңнамаға сәйкес тиісті шаралар қабылданды.

Департаменттің араласуымен мәселе оң шешімін тауып, қызмет алушыға жер учаскесі берілді. Өз кезегінде, заңбұзушылыққа жол берген жауапты лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Бұл жағдай қабылданған шаралардың тиімділігін, сондай-ақ, заңдылық пен әділдік қағидаттарына адалдықты айқын көрсетеді. Қызмет алушылардың құқықтарын қорғау, ашықтық пен еселікті қамтамасыз ету - Департамент жұмысының басты басымдығы болып қала береді.

“ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІНІҢ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ”.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ІРІКТЕУДІҢ ЖАҢА ТӘСІМІ

2025 жылдың соңында Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет жүйесінде кадр саясатын жаңғыртуға бағытталған маңызды қадам жасалды. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының №196 бұйрығымен әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасу тәртібіне қатысты жаңа тәсілдер бекітілді.

Бұл құжат – кезекті нормативтік акт қана емес, мемлекеттік қызметке іріктеудің ашық, әділ және кәсібилікке негізделген жүйесін қабыптастыруға бағытталған маңызды бастама.

Әкімшілік мемлекеттік лауазым – тек қызметтік мәртебе емес. Бұл – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін, азаматтардың өмір сапасына әсер ететін басқарушылық шешімдер қабылданатын жауапты сала. Сондықтан мұндай лауазымдарға іріктеу үдерісінің әділ әрі тиімді болуы мемлекеттік басқарудың сапасына тікелей әсер етеді.

Аталған құжат дәл осы мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған. Құжатта «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына ішкі және

жалпы конкурс өткізу қағидалары жаңартылып, конкурстық іріктеудің барлық кезеңдері нақты регламенттелген. Кандидаттарға қойылатын талаптар, тестілеу және бағалау рәсімдері, сондай-ақ, конкурстық комиссиялардың жұмыс тәртібі айқын көрсетілген. Бұл мемлекеттік органдар мен үміткерлер үшін бірыңғай әрі түсінікті ережелер қабыптастыруға мүмкіндік береді.

Жаңа қағидаларда кәсіби құзыреттерді объективті бағалауға ерекше мән берілген. Қазіргі мемлекеттік қызмет тек тапсырманы орындаумен шектелмей, стратегиялық ойлай алатын, талдау жүргізетін және жауапкершілікпен шешім қабылдайтын мамандарды қажет етеді. Осы тұрғыда тестілеу және басқа да бағалау құралдары кәсіби дайындық деңгейі жоғары кандидаттарды анықтауға мүмкіндік беретін маңызды тетікке айналып отыр.

Сонымен қатар, мұнда кадрлық жұмыстың цифрлық тетіктерін кеңінен қолдануды көздейді. Конкурстарды өткізу барысында ақпараттық жүйелерді пайдалану рәсімдерді жеңілдетіп қана қоймай, олардың ашықтығын арттырады және бюрократиялық кедергілерді азайтады.

Үміткерлер үшін бұл – ақпаратқа тең қолжетімділік пен іріктеудің айқын әрі түсінікті болуы.

Жалпы алғанда, аталған бұйрық мемлекеттік қызметті жаңғырту бағытындағы реформалардың маңызды жалғасы болып табылады. Ол мемлекеттік қызметтің басты қағидаттарының бірі – меритократияны нығайтып, кәсіби және адал мамандарды мемлекеттік басқару жүйесіне тартуға бағытталған.

Бүгінде тиімді мемлекеттік басқарудың басты ресурсы – сапалы кадрлық құрам. Сондықтан әкімшілік мемлекеттік лауазымдарды атқарудың жаңа қағидалары талап деңгейін арттыра отырып, білікті әрі жауапты азаматтар үшін жаңа мүмкіндіктер ашатыны сөзсіз. Бұл – қоғам мүддесіне қызмет ететін ашық әрі заманауи мемлекеттік қызметті қалыптастыру жолындағы маңызды қадам.

Х.ДЕБИРОВА,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы.

АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

ЖОБА

Ақсу аудандық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы «Ақсу ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» №19-85 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақсу аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақсу аудандық мәслихатының 2023 жылғы 15 желтоқсандағы «Ақсу ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» №19-85 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 190304 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Ақсу ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

7-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) Әлеуметтік маңызы бар аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі деп танылған тұлғалар (отбасы):

әлеуметтік маңызы бар, оның ішінде: туберкулез ауруымен диспансерлік есепте тұрған адамдарға жан басына шаққандағы орташа кірісін есепке алмай - 7 (жеті) айлық есептік көрсеткіш, ай сайын;

адамның иммунитет тапшылығы вирусын жұқтырған балалардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне жан басына шаққандағы орташа кірісін есепке алмай, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 2 еселенген мөлшерінде, ай сайын;

7-тармақтың 9)-10) тармақшалары алып тасталсын;

7-тармақтың 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«11) мүгедектігі бар балалардың заңды өкілдерінің біріне және бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды санаторлық-курорттық емделуге алып (еріп) жүретін адамдарға жан басына шаққандағы орташа кірісін есепке алмай, жылына бір рет санаторлық-курорттық емделуге кепілдік берілген соманың 70 (жетпіс) пайызы мөлшерінде әлеуметтік көмек;

12) тармақ алып тасталсын;»;

7.1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7.1. Жан басына шаққандағы орташа кірісі есепке алынбай, бірақ кепілдік берілген сомандан артық емес, жылына бір рет санаторлық-курорттық емделуге әлеуметтік көмек:

1) осы қағиданың 7-тармағының 1)-5) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға;

2) Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін қуғын-сүргіндерге ұшыраған тұлғаларға.»

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКИМАТА АКСУСКОГО РАЙОНА

ПРОЕКТ

О внесении изменений в решение Аксуского районного маслихата от 13 декабря 2023 года №19-85 «Об утверждении правил оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан Аксуского района»

Аксуский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Внести в решение Аксуского районного маслихата от 15 ноября 2023 года №19-85 «Об утверждении правил оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан Аксуского района» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под №190304) следующие изменения:

в Правилах оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан Аксуского района, утвержденных указанным решением:

подпункт 6) пункт 7 изложить в следующей редакции:

«6) Лицам (семьям) признанными ограничение жизнедеятельности вследствие социально значимых заболеваний:

лицам, состоящим на диспансерном учете с социально значимым заболеванием, в том числе: туберкулез без учета среднедушевого дохода в размере 7 (семь) месячных расчетных показателей, ежемесячно;

родителям или иным законным представителям детей, инфицированных вирусом иммунодефицита человека состоящих на диспансерном учете без учета среднедушевого дохода в 2 (двух) кратном размере величины прожиточного минимума, установленного Законом Республики Казахстан о республиканском бюджете на соответствующий финансовый год, ежемесячно;»;

подпункты 9)-10) пункта 7 исключить;

подпункты 11)-12) пункта 7 изложить в следующей редакции:

«11) Социальная помощь на санаторно-курортное лечение одному из законных представителей детей с инвалидностью и лицам, сопровождающим (сопровождение) лиц с инвалидностью первой группы на санаторно-курортное лечение 1 раз в год без учета среднедушевого дохода в размере 70 (семидесяти) процентов от гарантированной суммы;

12) Социальная помощь на оплату коммунальных услуг ветеранам Великой Отечественной войны без учета доходов в размере 3 (трех) месячных расчетных показателей, ежемесячно.»;

пункт 7.1 изложить в следующей редакции:

«7.1. Социальная помощь на санаторно-курортное лечение 1 раз в год, но не более гарантированной суммы, без учета среднедушевого дохода:

1) лицам, указанным в подпунктах 1)-5) пункта 7 настоящих Правил;

2) лицам, подвергшимся репрессиям за участие в событиях 17-18 декабря 1986 года в Казахстане.»;

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

● МАМАН КЕНЕСІ!

Жетісу облысында жыл сайын 500 мыңға дейін жіті респираторлық вирустық аурулар тіркеледі. Ауырғандардың басым көпшілігі 14 жасқа дейінгі балалар, үлес салмағы сырқаттанушылықтың 75% құрайды.


Сырқаттанушылықтың көтерілуі қарашадан басталып, қаңтар, ақпан айларында жоғарғы деңгейге жетеді.

Вирус адамнан адамға ауа-тамшылы жолмен жөтелу немесе түшкіру кезінде, ал кейбір кезде сөйлеу барысында майда бөлшектердің науқас адамнан шығуы арқылы жеңіл тарайды.

Жұқпа көзі - ауру адам, әсіресе сырқаттанғаннан бастап алғашқы 2-3 күндері айналасындағыларға қауіпті. Жұқпаның жасырын кезеңі орташа алғанда 3 күнге дейін. Ауру жіті басталып, клиникалық белгілер тез пайда болады. Алғашқы 24-36 сағаттың ішінде дене қызуы 39-40С жоғарылайды, бас ауруы, бұлшық еттер мен буындардың ауруы, жөтел, мұрынның бітуі, кейбір науқастарда ауыр жиі тыныс алу, конъюнктивит, асқазан-ішек қызметінің бұзылыстары байқалады.

Жыл сайын эпидемиологиялық кезең басталар алдында, жергілікті бюджеттен тұмауға қарсы вакцина бөлініп, тұмауды және жіті респираторлық вирустық

ЖРВЖ және ТҰМАУ



жұқпаны алдын алу барысында, халық арасында тиісті контингенттерге иммундау жүргізіледі.

Тұмауға қарсы арнайы иммундаудан басқа тұмау және жіті респираторлық вирустық жұқпаның жоғарылау кезеңінде жұқпаның арнайы емес алдын алу шараларын да естен шығармауымыз керек. Қазіргі уақытта тұмау және жіті респираторлық вирустық жұқпаның жедел және жоспарлы түрде алдын алу үшін дерілік заттардың түрлері кеңінен таралған.

Тұмаумен науқастанған адам уақытында медициналық көмекке жүгінгені дұрыс. Науқасқа төсек тәртібі ұсынылады, дәрумендік диета және сұйық тағам түрлерін молынан пайдалану, бөлмесін жиі желдету керек. Түшкіріп жөтелген кезде ауызды немесе мұрынды бет орамалмен жабу. Тұмаудың алдын алуы жеке бас гигиенасын сақтау жиі қолды сабынмен жуу және күз айында тұмауға қарсы вакцина алу. Мүмкіндігінше халық тығыз орналасқан және жаппай шаралар ұйымдастырған жерлерге бармағаны дұрыс.

Б.ТЕМІРХАНОВ,
аудандық СЭББ басшысы.

ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Жетісу облысы, Ақсу ауданы әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығы негізінде, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жарияланғаннан соң 30 күнтізбелік күннен кейін, 15 жұмыс күні ішінде,

2026 жылдың 20 сәуірінен 13 мамыр күнін қоса алғанда дейін қабылданады. Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі 5Д, Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің №6 кабинетіне табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттамы) соңғы мерзімі: **2026 жылдың 13 мамыр күні 18 сағат 30 минутқа дейін.**

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер **2026 жылдың 14 мамыр күні 10 сағат 00 минутта** мына мекен жайда ашылады: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі №5, аудан әкімінің орынбасары кабинетінде.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі **конкурсқа қатысуға өтінімдер:**

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (заңды тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және өкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауылшаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауылшаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауылшаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауылшаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауылшаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауылшаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын ертаратпандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Конкурсқа қатысушы, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және **2026 жылғы «14 мамырға»** дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетілген) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін (72832) 2-21-26 телефон арқылы хабарласуға болады.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ.

№	Орналасқан жері	Алаңы, га.	Алқап құрамы	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Балл бониеі	Су көздерімен қамтамасыз етілуі	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы
1	Қапал ауылдық округі	5,27	Төлім егістік	Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты	21,0	Сумен қамтамасыз етілген емес	Мамандандырылған
2	Қапал ауылдық округі	11,0	Суармалы егістік	Аз жетілген күнгірт қара және 10-30% орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр-шалғынды топырақ, орташа саздақты, орташа қиыршық тасты	14,0	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
3	Қапал ауылдық округі	2,6	Шабындық	Өлсіз сорлау күнгірт қара қоңыр-шалғынды және 30-50% орташа қуатты сортаңдау күнгірт қара қоңыр-шалғынды топырақ, ауырсаздақты	38,0	Қажет емес	Мамандандырылған
4	Қапал ауылдық округі	1,6	Шабындық	Қуатты жай оңтүстік өңірдегі қара және 10-30% орташа қуатты жай оңтүстік өңірдегі қара топырақ, ауырсаздақты	63,0	Қажет емес	Мамандандырылған
5	Қапал ауылдық округі	6,0	Суармалы егістік	Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр және 30-50% аз жетілген күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты, орташа қиыршық тасты	16,0	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
6	Қапал ауылдық округі	5,0	Суармалы егістік	Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр және 30-50% аз жетілген күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты, орташа қиыршық тасты	15,0	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
7	Қапал ауылдық округі	3,25	Суармалы егістік	Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр және 30-50% аз жетілген күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты, орташа қиыршық тасты	16,0	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
8	Қапал ауылдық округі	3,0	Суармалы егістік	Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр және 30-50% аз жетілген күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты, орташа қиыршық тасты	16,0	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
9	Қапал ауылдық округі	2,59	Шабындық	Жай күнгірт қара қоңыр-шалғынды топырақ, ауырсаздақты	54,0	Қажет емес	Мамандандырылған
10	Қапал ауылдық округі	1,8	Суармалы егістік	Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр және 30-50% аз жетілген күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты, орташа қиыршық тасты	48,0	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
11	Қапал ауылдық округі	4,0	Суармалы егістік	Аз жетілген жәй ашық қара қоңыр және 10-30% орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр-шалғынды топырақ, орташа саздақты, орташа қиыршық тасты	16,0	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған

ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННО-ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО ПРОИЗВОДСТВА

Ақсуский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа №518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министр сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Ақсу өңірі» и интернет-ресурсе Акимата Ақсуского района объявляет о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 30 календарных дней после публикации, в течении 15 рабочих дней; с 20 апреля по 13 мая 2026 года. по адресу: (область Жетысу, Ақсуский район, село Жансугуров, улица Желтоқсан 5Д,) в кабинете №6, отдел сельского хозяйства и земельных отношений Ақсуского района.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается: **13 мая 2026 года, в 18 часов 30 минут.**

Вскрытия конвертов с конкурсной документацией будет проведена **14 мая 2026 года в 10 часов 00 минут** (область Жетысу, Ақсуский район, село Жансугуров, улица Желтоқсан 5) в кабинете заместителя акима Ақсуского района.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

конкурсное предложение;

обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявка на участие по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать:

бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсное предложение указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: **14 мая 2026 года**" (указывается точная дата).

Для получения дополнительной информации и запроса звоните 8 (72832) 2-21-26

ОТДЕЛ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА И ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ АҚСУСКОГО РАЙОНА.

№	Орналасқан жері	Алаңы, га.	Алқап құрамы	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Балл бониеі	Су көздерімен қамтамасыз етілуі	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы
12	Қапал ауылдық округі	28,0	Жайылым	Аз жетілген жәй ашық қара қоңыр және 10-30% орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр-шалғынды топырақ, орташа саздақты, орташа қиыршық тасты	19,0	Қажет емес	Мамандандырылған
13	Қапал ауылдық округі	9,0	Төлім егістік	Аз жетілген күнгірт қара топырақ, орташа саздақты, орташа қиыршық тасты	11,0	Сумен қамтамасыз етілген емес	Мамандандырылған
14	Қапал ауылдық округі	6,2	Шабындық	Қуатты жай оңтүстік өңірдегі қара және 10-30% орташа қуатты жай оңтүстік өңірдегі қара топырақ, ауырсаздақты	65,0	Қажет емес	Мамандандырылған
15	Қапал ауылдық округі	5,6	Төлім егістік	Қуатты жай оңтүстік өңірдегі қара топырақ, ауыр саздақты	59,0	Сумен қамтамасыз етілген емес	Мамандандырылған
16	Қапал ауылдық округі	13,8	Жайылым	Аз жетілген жәй ашық қара қоңыр топырақ және 10-30% тығыз тау жыныс шығуы, орташасаздақты, орташа саздақты	32,0	Қажет емес	Мамандандырылған
17	Қапал ауылдық округі	4,0	Шабындық	Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр топырақ, саздақты	48,0	Қажет емес	Мамандандырылған
18	Қапал ауылдық округі	20,0	Төлім егістік	Топық жетілмеген күнгірт қара топырақ, орташа саздақты	35,0	Сумен қамтамасыз етілген емес	Мамандандырылған
19	Қапал ауылдық округі	2,0	Шабындық	Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты	44,0	Қажет емес	Мамандандырылған
20	Қапал ауылдық округі	2,0	Шабындық	Орташа саздақтыаша қуатты жай күнгірт қара қоңыр топырақ	58,0	Қажет емес	Мамандандырылған
21	Қапал ауылдық округі	1,9	Шабындық	Жай күнгірт қара қоңыр-шалғынды топырақ, ауырсаздақты	59,0	Қажет емес	Мамандандырылған
22	Қапал ауылдық округі	4,0	Шабындық	Орташа саздақтыаша қуатты жай күнгірт қара қоңыр топырақ	26	Қажет емес	Мамандандырылған
23	Қапал ауылдық округі	5,0	Суармалы егістік	Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты	26	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
24	Қапал ауылдық округі	6,0	Суармалы егістік	Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты	26	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
25	Қапал ауылдық округі	5,0	Суармалы егістік	Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты	26	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
26	Қапал ауылдық округі	199,79	Жайылым	Орташа қуатты күлгінді қара топырақ, орташасаздақты	83	Қажет емес	Мамандандырылған
27	Қапал ауылдық округі	124,69	Жайылым	Орташа қуатты күлгінді қара топырақ, орташасаздақты	83	Қажет емес	Мамандандырылған
28	Қапал ауылдық округі	124,60	Жайылым	Жай альпілі топырақ және 10-30 % тығыз тау жыныстарының шығуы, ауырсаздақты	61	Қажет емес	Мамандандырылған

Мерекелік бет!

Қайырымдылық - жылы жүректен!

Қайырымдылық – адамзат бойындағы ерекше бір ізгі қасиет. Олай дейтініміз ізгіліктің өзі – адамның адамға деген таза ниеті мен бір - біріне деген сүйіспеншілік көмегі. «Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің» - дейді дана халқымыз. Осыған орай қазіргі таңда елімізде түрлі іс-шаралар мен игілікті істер, акциялар, демеушілер арқылы қол ұшын созатын ізгі жандар саны артуда. Соның бірі – үйде арнаулы әлеуметтік қызмет алушыларға Ақсу аудандық орталық мешіттің бас имамы – Анарбай Тасболатұлының бастамасымен ұйымдастырылатын қайырымдылық іс-шаралары.

«Ислам және адал қоғам жылына» орай 2026 жылдың 19-ы күні аудандық орталық мешітте қызмет алушы балаларға азық-түлік қораптары, ойыншықтар, киім-



кешектер, аяқ киімдер және қаржылай көмектер берілді. Қызмет алушыларға қуаныш сыйлаған бас имам - Анарбай Тасболатұлына, мешіт ұжымына, сонымен қатар өз үлестерін қосқан жандарға мекеме ұжымы мен ата-аналардың атынан үлкен ризашылығымызды білдіреміз.

Көмекке зәру жандарға қуаныш сыйлап, ел алғысына бөлену де жылы жүректен шыққан әдемі көріністің бірі емес пе? «Әрбір жасалған істің артында қайыры бар» демекші, жақсылық жасайтын жандар ерқашан арамыздан табылып жатқаны қуантарлық жағдай. Жылы сөз бен мейірімге мұқтаж жандардың жанына шуақ шашып, көңілдеріне көтеріңкі көңіл-күй сыйлап жатсақ нұр үстіне нұр болар еді. Айналамызға ізгілік нұрын шашып, сый-сияпат көрсету – адамгершіліктің ең үлкен құнды қасиеті екенін ұрпақтан – ұрпаққа үлгі ете отырып, ел алғысына бөленуден артық сый жоқ екендігін жеткізе алсақ үлкен игілікті істің шыңына жету болып табылады.

С.ҚАЙЫРҒАЛИҚЫЗЫ,
«Ақсу ауданының үйде қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ - нің мүмкіндігі шектеулі балалар бөлімінің бөлімше меңгерушісі.



ТАТУЛЫҚ ПЕН БЕРЕКЕНІҢ БАСТАУЫ

14 наурыз – халқымыздың ежелгі дәстүрі, бауырмалдық пен ізгілік мерекесі болып саналатын Көрісу күні, яғни Аман мерекесі. Бұл күн – үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, бір-бірімен арқа-жарқа қауышатын ізгі сәт. Қазақ халқының салтында осы күннен бастап елдің еңсесі көтеріліп, «Жаңа жыл келді» деген қуаныш сезіледі.

«Бір күн көріссе, өмірлік дос болар» деген халық даналығы да осы мейрамның мәнін ашып тұр. Көрісу — тек сәлемдесу емес, көңіл жаңарту, татулықты арттыру, бауырмалдықты бекіту.

Аман мерекесіне орай ауданымызда жуырда ашылған «Жанұя» отбасын қолдау орталығының қызметкерлері де бұл дәстүрден тыс қалмай, елдің елдігін бекемдейтін, ұрпаққа үлгі болатын іс жасады. Олар ауданымызға еңбегі сіңген ардақты азамат, батырдың бауыры, ардагер журналист Тілеухан Есеболатовтың шаңырағына арнайы барып, көрісу дәстүрін орындап, ақ батасын алды.

Орталық қызметкерлері ақ жаулықты аналар мен ақсақалдардан амандық сұрап, өз наурыздың алғашқы нышаны саналатын «Аман мерекелеріңіз құтты болсын!» деп ақ тілектерін арнады. Өз кезегінде Тілеухан аға емен - жарқын әңгіме айтып, ел арасындағы ынтымақ пен бірліктің маңызын ерекше атап өтті.

Кездесу барысында қария жүрекжарды батасын беріп, «Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Осындай дәстүрді дәріптейтін ұрпақ көбейе берсін» деген ақжарма тілегін айтты.

Орталық қызметкерлері бұл сапардың мақсаты – тек мерекелік амандасу емес, үлкенге құрмет танытып, рухани сабақтастықты нығайту екенін жеткізді.

Орталық алдағы уақытта да аудан тұрғындарының өл - ауқатын жақсартуға, рухани және әлеуметтік қолдау көрсетуге бағытталған игі істерді жалғастыра беретінін атап өтті.

Ербол СЫМХАНОВ.



Бір - бірінді, күлімдеңдер, Аман есен, Науырызға, ілінгендер! Жылдан - жылға, жетейік, Ұлы күнге, Басқасына, Жөні жоқ, бүлінбегендер!

Науырыз келді, құттықта қауымымды, Салем беріп арала ауылынды! Ағайын мен туысқа құшақ ашып, Құттықтап қайт ата - ана, бауырыңды!

Науырыз келді, бір жылың артта қалды, Құттықтап қайт, ұмытпа басқаларды! Қыстың кетіп ызғары, боранымен, Жыл құстары, той қылды бақшадағы!

Науырыз келіп табиғат тірілгенде, Тіршілік бір, рахат күйге енгенде! Жылдан жылға жетейік аман есен, Бауырымыз бүтін боп, сенде, менде!

Алғысым шексіз мына көктеміме, Өкпем жоқ, артта қалған өткеніме! Құшақтап алғыс айтқым келіп тұрад, Өмірімде бар жанға да, кеткенге де!

Наурыз келді, жадырап шуақ шашып, Құттықтаймын бәрінді, құшақ ашып. Науырыз мейрам, бастауы тіршіліктің, Қыста қайтып барады, қырдан асып.

Бауыржан БОЛАТХАНҰЛЫ.
Жансүгіров ауылы.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – ҚОҒАМНЫҢ ОРТАҚ МІНДЕТІ

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлықпен күрес – мемлекет саясатының маңызды бағыттарының бірі. Бұл мәселе тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның, соның ішінде мәдениет және кітапхана қызметкерлерінің де назарында болуы тиіс. Өсіресе жас ұрпаққа адалдық, әділдік, заңға құрмет сияқты құндылықтарды насихаттау – кітапхананың маңызды міндеттерінің бірі. Сыбайлас жемқорлық қоғамның дамуына кедергі келтіріп, халықтың мемлекетке деген сенімін әлсіретеді. Сондықтан Қазақстан Республикасы деңгейінде бұл індетпен жүйелі түрде күрес жүргізіліп келеді. Осы бағытта Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі және басқа да мемлекеттік мекемелер



бірқатар бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыруда. Кітапхана – рухани тәрбие құқықтық мәдениет қалыптастыру, адал еңбек идеясын насихаттау мақсатында кітап көрмелері, ақпарат сағаттары, дөңгелек үстелдер, тәрбие сағаттары ұйымдастырылады. «Адалдық – адамдықтың белгісі», «Парасыз қоғам», «Заң және тәртіп» секілді тақырыптардағы іс-шаралар арқылы оқырмандарға сыбайлас жемқорлықтың зияны түсіндіріліп, құқықтық сауаттылық

арттырылады. Кітапханашының басты міндеті – тек кітап беру ғана емес, қоғамға пайдалы, саналы, әділ азамат тәрбиелеуге үлес қосу. Осы тұрғыда адалдық қағидаларын насихаттау, құқықтық әдебиеттерді таныстыру, жастарды әділдікке баулу – кітапхана жұмысының маңызды бөлігі. Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – баршамызға ортақ іс. Әрбір азамат адалдықты өмірлік ұстанымына айналдырғанда ғана қоғамда әділдік орнап, ел болашағы нық болады. Кітапхана ұжымы бұл бағыттағы ағартушылық жұмыстарды алдағы уақытта да жалғастыра береді.

Р.МҰРАТОВА,
Сағабүйен ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

● Тез арада үй сатылады. Жансүгіров ауылы, Шоңай батыр 44 үй. Жер көлемі 15 сотық. Бағасы 3 500 000 теңге. Тел: 8 778 585 58 16, 8 778 058 7919.

● Бакыт Мукушеваның атындағы "GALANT" автокөлігінің МН 648 АСР 19 жоғалғандығы туралы хабарлаймыз.

АКСУ Өңірі

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ 2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "Қазпошта" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"Ақсу өңірі" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 5672 теңге және жарты жылға 2836 теңге.

Қадірлі оқырман газетіміздің келесі саны мерекелік демалыстарға сәйкес сәуір айының 3 - інде шығатынын ескертеміз!

"АКСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС "Ақсу өңірі" газеті
Құрылтайшы, директор - бас редакторының міндетін уақытша атқарушысы **СЫМХАНОВ ЕРБОЛ ӘБДІКӘРІМҰЛЫ**

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде
Тапсырыс 488 Осы шығарылымның таралымы 2536

Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90.
Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz
Индекс: 65750 Офсеттік басылым көлемі 26 т.